



## ТӘРБИЕ ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ



Тіл – ұлттың ғасырлар бойғы тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен, әдеп-ғұрпымен, өнерімен, әдебиетімен, сол тілді тұтынушы халықтың тұрмыс-тіршілігімен, ішкі ділімен тығыз байланыстағы табиғи құбылыс, яғни тіл этномәдени кеңістіктің бөлінбес бір бөлшегі. Қандай да бір ұлттың тарихы мен әдеп-ғұрпын білмей, өнері мен мәдениетінің қайнарынан сусындамай жатып, ол ұлттың тілін құрметтеу, түсіну әрі оны жете үйрену мүмкін емес.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде химия факультетінің Малахит залында 27 қыркүйек күні Қазақстан халқының Тілдері күні мерекесіне орай өткізілген жалпыуниверситеттік «Тілдер» фестивалінің жабылу салтанаты өтті. Кешке университет ректоры Ғалым Мұтанов, оқытушы-профессорлар,

Ақсақалдар кеңесінің мүшелері және студент-жастар қатысты. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған бейнероликпен басталған кеште тіл мерекесіне орай өткізілген «Тілдер» фестивалінің күнделігіне кезек берілді. Көрермендер апта бойы өткізілген іс-шаралармен танысты.

Фестиваль жеңімпаздарын дипломмен және арнайы сыйлықтармен марапаттаған университет ректоры Ғалым Мұтанұлы «Ұлттық қасиетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, әлемге рухы биік халық ретінде жариялаған тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерейтойы қарсаңында қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үздік секіріс жасап, дүниежүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша әлемдік топ-университеттер рейтингінде 200 орынға жоғарылап, 401 орынға ие болды.

(Жалғасы 3-бетте)

Кешегі өткен кезекті Ректорат мәжілісінде университет өмірі үшін өте маңызды мәселелер талқыланды. Онда өткен апта басындағы университет Ғылыми кеңесінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалым Мұтановтың «2010-2011 оқу жылындағы университет қызметі мен ұжымның жаңа оқу жылындағы мақсаттары» атты жасаған баяндамасына орай, 2011-2012 оқу жылында атқарылатын жұмыстар мен міндеттер туралы барлық факультет декандарының есептері тыңдалып, олардың жаңа оқу жылындағы жоспарлары сүзгіден өткізілді.

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Ректорат мәжілісі әдеттегідей әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды зерттеу университетіне айналдыру бағыты бойынша еліміздің ірі ғылыми-зерттеу мекемелері мен университет арасындағы келісімшарттарға қол қою рәсімінен басталды. Бұл ынтымақтастық құжаты – болашақ мамандардың тәжірибелік әлеуетін арттыру мен ғылыми-инновациялық бағытта бірлесе жұмыс істеуді мақсат етеді. Қазақстан ғылымын дамытуда елеулі үлес қосып келе жатқан белгілі мекемелермен бірлесе жұмыс жасау тек университетке ғана емес, ғылыми мекемелерге де аса қажет. Осы келісімшарт негізінде ірі инновациялық жобалар жүзеге асырылмақ.

ҚазҰУ ректоры, факультет деканы және ғылыми мекеме басшысы қол қойған ұшжақты келісімшартқа байланысты, болашақта тарих факультетінде Қазақстан тарихына қатысты ғылыми-зерттеу жобалары ұйымдастырылып, ондағы зерттеулерге ҚазҰУ оқытушылары әрі студенттерімен қатар, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұражайы, Әлкей Марғұлан атындағы археология институты тікелей атсалысатын болады.

(Жалғасы 2-бетте)

### СОТРУДНИЧЕСТВО

## КазНУ – ЕЭКУ: ВЕКТОР СОТРУДНИЧЕСТВА

В июне 2008 года по инициативе Президента страны Н.Назарбаева в Казахстане была создана и начала свою работу Ассоциация «Евразийский экономический клуб ученых» (АЕЭКУ), объединяющая усилия ученых и практиков, представителей общественности и международных организаций для решения вопросов экономического развития и содействия социальному прогрессу мирового сообщества. В состав АЕЭКУ входят ученые с мировым именем, политики, представители бизнеса и научных организаций из 70 стран.

(Продолжение на 2 стр.)

### ШАРА

## «Мемлекеттік тіл – іскери тіл» байқауы

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті, Тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі университет департаменттерінде жұмыс істейтін мамандар арасында «Мемлекеттік тіл – іскери тіл» атты ерекше байқау өткізді.

Байқаудың мақсаты – университет қызметкерлері арасында мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, мамандардың қазақ тілінде іс жүргізудегі біліктілігі мен тәжірибесіне талдау жасау, сараптама жүргізу және оның сапасын арттыру, мемлекеттік тілді жетік білетін мамандарды жан-жақты көтермелеу.

(Жалғасы 2-бетте)





# Тәрбие тілден басталады

(Басы 1-бетте)

XXI ғасырдың кілті білімде, білімділіктің басты факторы ана тіліңді құрметтеуде. «Тілдер» фестивалінде өткізілген іс-шаралардың барлығына ризашылығын білдіріп, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім алған әрбір студенттің болашақта заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман болатынына сенім артты.

ҚазҰУ-дың ару қыздары Әйгерім, кәріс қызы Ирина, орыс қызы Александра, украин қызы Жанна алдымен қазақ



шығармашылық байқаудың жеңімпаздары жас ақындар Асылан Тілегенов «Тіл және тіл» өлеңін оқыса, Шерхан Талапов «Тәуелсіздік» өлеңін оқып жастарды рухтандырды. Ал шығыс тілдерін меңгерген жоғары білікті мамандарды дайындаудың республикалық ірі орталығына айналып отырған ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде өткен «Шығыс тілдерінің білгірлері» байқауының жеңімпаздары – 4 курс студенті хинди тілінің маманы Пернеқұлова Меруерт, 2 курс студенті түрік тілінің маманы Сабырбекова Маржан, 2 курс студенті урду тілінің маманы Әлібаева Мадина, 2 курс студенті

Арзан, жалған күлмейтін  
шын күлерлік  
Ер табылса жарайды  
қылса сұхбат»

– деп жырлаған ұлы Абайдың имандылық пен ізгілікті, адамның адамшылдық қасиеттерін қалыптастыруға арналған шығармаларын өскелең ұрпаққа жеткізу мақсатында өткізілген «Абай оқулары» байқауының жеңімпаздары – шығыстану факультетінің 4 курс студенті Айтмағанбетов Есен Абайдың «Отыз екінші қара сөзінің» араб тіліндегі аудармасын, 3 курс студенті Төлембет Ботакөз «Отыз бірінші қара сөзінің» парсы тіліндегі аудармасын, ал халықаралық

«Әсемпаз болма әрнеге» әнін экономика және бизнес жоғары мектебі факультетінің 1 курс студенті Жанатқызы Самал вокалдық жанрда әндетсе, шығыстану факультетінің 2 курс студенті Ғаббасова Сая «Желсіз түнде жарық ай» әнін қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде шырқады, ал география факультетінің 3 курс студенті Әбдірайым Ғалия, филология факультетінің 2 курс студенттері Нұрәлиа Жаннат пен Амантай Айдос «Көзімнің қарасы» әнін қазақ, ағылшын және қытай тілдерінде орындады.

Осылайша алғашқы «Тілдер» фестивалі жалын атқан студент жастардың өнерімен



тілінде жырдан шашу шашып, содан соң өз ана тілдерінде бір-бір шумақ өлең оқып:

«Анамның тілі -  
айбыным менің,  
Анамның тілі -  
ай-күнім менің!  
Сүйемін байтақ елімді туған,  
Сүйемін мәңгі - өмірді думан»  
– деген әсем әуенмен көрермендерді тәнті қылды. «Тәуелсіздік және тіл» атты әдеби

корея тілінің маманы Нұрпейісова Меруерт, 3 курс студенті жапон тілінің маманы Бекмұхамбетова Гүлжан, 1 курс студенті қытай тілінің маманы Болат Аякөз өздері оқып жатқан елдің ұлттық киімдерін киіп, сол елдің тілінде көркем шығармалар оқыды.

«Жігіттер, ойын арзан,  
күлкі қымбат,  
Екі түрлі нәрсе ғой  
сыр мен сымбат

қатынастар факультетінің 3 курс студенті Әзімханов Қанат Абайдың «Бірінші қара сөзін» ағылшын тілінде оқып, шығыстану факультетінің 2 курс студенті Тоқтасынова Ақтілек Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің түрікше аудармасын көрермен назарына ұсынды.

Абай оқуларынан кейін, Абай әндерінің «Әнді сүйсең, менше сүй» байқауының жеңімпазы Абайдың

қорытындыланды. Бұл игі бастама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде алдағы уақытта дәстүрге айналмақ.

**Шынар ЕРЛАНҚЫЗЫ,**  
Тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы

ТАЛҚЫ

СОЦИУМ

## Білім берудің инновациялық жолы туралы кездесу өтті

Жақында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті мемлекет және құқық тарихы мен теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының оқытушы-профессорлар құрамының ұйымдастыруымен заң факультетінің студенттері орналасқан №18 жатақханада «әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми зерттеу университеті болып қайта құрылуы жағдайындағы заң білімі» атты тақырыпта ойталқы өтті.

Бұл іс-шараға заң факультетінің студенттерімен қатар университеттің сенді студенттері атсалысты. Тақырыпқа орай арнайы дайындалған баяндамашылар әлемдік жаһандасу заманында бұрыннан қалыптасқан білім беру үдерісінен жаңа тәсілге көшудің себептерін, оның кезеңдері мен әдіс-тәсілдеріне тоқталды.

Аталған ойталғау барысында бүгінгі күннің талабына сай заңгер мамандар дайындауда оқу бағдарламасына ғылыми-инновациялық тәсілдердің енгізілуі бәсекелестікке қабілеттілікті арттырудың жалғыз жолы екендігі кеңінен талқыға салынды. Студенттер-



мен қызу талқыланған тақырып мақсаты әрбір студентке ой салу, білім алудың жаңа жолдарын меңгеру арқылы өзінің біліктілігін арттыруды түсіндіру.

Кездесуді ұйымдастырушылар студенттер тарапынан қызығушылық танытқан мазмұнды ойталқы барысында туындаған сұрақтарға кеңінен жауап беріп, емін-еркін пікір алмасумен өткендігіне ризашылықтарын білдірді.

Бұл кездесу студенттердің болашақта бәсекелестікке қабілетті, білікті маман болуда ғылыми-инновациялық тәсілдерді игерудің маңыздылығы жөніндегі ой өрісін кеңейтуге өз үлесін қосарына сеніміміз мол.

**Бахытқали КӨШПЕНБЕТОВ,**  
мемлекет және құқық тарихы мен теориясы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

## За хорошую работу родителей - скидки за учебу детям

В своем ежегодном Послании народу Казахстана Президент Нурсултан Назарбаев важное место отвел социальной политике. Она направлена на улучшение благосостояния социально не защищенных слоев населения и работников бюджетной сферы, в том числе и преподавателей вузов. В текущем году на 30 процентов повышены пенсии, стипендии и зарплата бюджетников.

Свой вклад в социальную ответственность вносит руководство нашего университета и профсоюз «Парасат» работников КазНУ. В конце прошлого учебного года ректор Галым Мутанов предложил предоставлять социальную помощь работникам университета, имеющим детей, обучающихся на платной основе в КазНУ. Результатом реализации этой инициативы стало предоставление льгот на оплату учебы до 15%.

Определять размер предоставляемых скидок, было поручено профсоюзному комитету. Для рассмотрения заявлений была создана комиссия, в которую вошли представители финансовой и кадровой служб, юристы и профорги подразделений. Начиная работу комиссии, ее председатель первый проректор Мухамбеткали Буркибаев подчеркнул, что пакет льгот для студентов и преподавателей КазНУ имеет ярко выраженный социальный характер и более того, является хорошим стимулом для успешной учебы и работы.

Решение о предоставлении льготы работникам вуза принимается коллегиально. Учитывается стаж работы,

характеристика руководителя подразделения, вклад в развитие университета, участие в общественной жизни, наличие поощрений и взысканий и др.

Так если человек проработал в университете более десяти лет, он может претендовать на 15-процентную скидку, те, кто имеет стаж от 5 до 10 лет – на 10 процентов. Всего было подано 62 заявления. 15-процентную скидку получили 48 сотрудников, 10-процентную – десять. Для работников со стажем менее пяти лет льгота составила 5%. В числе подавших заявления были две семейные пары, имеющие двоих детей-студентов, они получили 15-процентную скидку.

Председатель профсоюза «Парасат» работников КазНУ Талгат Мекебаев, после завершения работы комиссии отметил, что это хорошее поощрение за достойную работу и профсоюз продолжит активно заниматься поиском новых форм решения социальных вопросов.

**О.ЛОЖНИКОВА,**  
заместитель председателя профсоюза «Парасат» работников КазНУ

